

**"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 224 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 922 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" 2008 жылғы 24 сәуірдегі №387 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 11 мамырдағы №224 бұйрығына ("Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 21 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті туралы ережеде

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (бұдан әрі - Комитет) орталық атқарушы органның құзыреті шегінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлік, аудиторлық қызмет, бухгалтерік есеп және қаржылық есептілік, бағалау қызметі саласында іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ведомствосы болып табылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Комитеттің республикалық мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын және тарататын аумақтық органдары бар, оларға: Комитеттің бақылауындағы және оған есеп беретін облыстар және Астана, Алматы мен Шымкент қалалары бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменттері жатады.";

16-тармақ:

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) Есеп комитетімен келісу бойынша ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органдардың, соның ішінде басқа мемлекеттік органдармен немесе ұйымдармен өзара іс-қимыл бойынша жұмысты үйлестіру үшін құқықтық актілерді қабылдайды.";

мынадай мазмұндағы 12-1) және 12-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-1) ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органының мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша қабылданатын құжаттарына шағымдану кезінде туындайтын дауларды және камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларын қарайды;

12-2) ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органының және оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды;"

23) және 24) тармақшылар мынадай редакцияда жазылсын:

"23) жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік бағдарламалар мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша тиімділігін бағалау, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша есептік деректерін қайта тексеру жүргізеді;

24) құзыреті шегінде аудиторлық қызмет пен аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдардың және аудиторлық ұйымдардың қызметі, бағалау қызметі салаларындағы бағалаушылар палаталарының "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды, бағалаушылар палатасының жарғысын және ол қабылдаған қағидалар мен стандарттарды сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;"

25) тармақша алып тасталсын;

26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"26) аудиторлар тізілімін, аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдардың тізілімін, аудиторлық ұйымдардың тізілімін жүргізеді;"

32), 33), 34) және 35) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"32) бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарын және кәсіби аудиторлық ұйымдарды, бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеуді жүргізеді;

33) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын, белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспасөз басылымдарында бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарының және бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдардың тізбесін, аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензияның берілуі, одан айыру, оның қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату туралы мәліметтерді мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануын қамтамасыз етеді;

34) аккредиттеу ережелері сақталмаған жағдайда бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарына, бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдарға ескерту жасайды;

35) бухгалтерлердің кәсіби ұйымдарын, кәсіби аудиторлық ұйымдарды, бухгалтерлерді кәсіби сертификаттау жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі куәлігінен айыру туралы шешім қабылдайды;"

мынадай мазмұндағы 35-1), 35-2), 35-3) и 35-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"35-1) бағалаушылар палаталарының қызметі туралы ақпарат сұратады;

35-2) біліктілік комиссиясының құрамына өкілдерін жібереді;

35-3) бағалаушылар палатасын "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негіздер бойынша мәжбүрлеп тарату туралы талап қоюды сотқа береді;

35-4) бағалаушылардың өзін-өзі реттейтін ұйымдарының тізілімін жүргізеді;"

36) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"36) құзыретіне шегінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңнамада белгіленген тәртіппен қарайды".

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ақмола облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Жамбыл облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қостанай облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

10. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

11. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

12. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Павлодар облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

13. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

14. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

15. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

16. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.

17. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Шымкент қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті.".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті (А.Қ.Ахметов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы*  
*Қаржы министрі*

*А.Смайылов*